



Автор: Бердімағанбетова Жанна бердімағанбетна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мен - зерттеушімін
Тақырып: Бунақденелілер қалай дамиды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.2.2 Бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады. Көптеген оқушылар: Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі. Кейбір оқушылар: Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі.
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты Пәндік лексика және терминология Диалог/жазу үшін пайдалы фразалар сериясы Оқушылар -өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығын атайды; -өз өлкесіндегі өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды сипаттайды; -қоректің тізбектің құрылымын сипаттайды; -жануарларды қорғаудағы ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың рөлі туралы әңгімелейді. Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлар, қорек тізбегі, құрылым, қорық, Ұлттық саябақ, қорғау. Талқылау үшін сұрақтар: Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығы қандай? Қандай өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды білесің? Олар туралы не айта аласың? Жазуға арналған тапсырмалар: Өздерің тұратын жердегі жануарларды сипатта. Оларды түрлі белгісі бойынша топтарға жікте.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар жануарлардың өсімдікқоректі және жыртқыш болатынын, қоректік тізбек және оның әр буыны сақталуының маңызын түсінеді. Тұрғылықты жердегі жануарлар туралы көп білуге ынталанады. Жануарлардың табиғаттағы орнын түсінеді және оларды сақтаудың жолы мен амалдары туралы біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады. Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі. Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 минут)	(Ұ)топқа бөлу 1-топ:қызыл көбелек 2-топ: сары көбелек 3-топ: көк көбелек 4-топ: жасыл көбелек Шаттық шеңбері Тренинг: Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) (Ұ) «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Жедел жауап • Бунақденелілер деген не? • Олардың «бунақденелілер» деп аталуының себебі неде? • Бунақденелілерге мысал келтір. Видео : Көбелектің дамуы	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>Көбелек. Көбелек қалай пайда болады? Ойланып көр. Сызба бойынша көбелектің даму кезеңдерімен таныс. Суретке қарап, әр сатыдағы өзгерістерді сипатта. Жұлдызқұрт неден пайда болады? Ол неге айналады? Қуыршақ қай кезде ашылады деп ойлайсың? Дескрипторы: бунақденелілердің даму кезеңдерін біледі. Топтық жұмыс: 1-топ: Көбелектің даму кезеңінің сызбасын дайындау. 2-топ: Бунақ денелілердің пайдасы мен зиянын анықтау. 3-топ: Көбелек туралы эссе жазу.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. Сен білесің бе? Біздің теріден, жүннен жасалған киімімізге күйе көбелек зиян келтірмейді, тек ол сонда жұмыртқалайды. Ал киімді жұмыртқадан шыққан оның дернәсілдері жейді. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Көбелектерді гүлге қондыру» кері байланыс.</p>	
Рефлексия	<p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек? 1. 2.</p>	